

Ш. Нұрышев,
*Қазақстан Республикасынан
Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметі
мәселелері жөніндегі Ұлттық үйлестіруші,
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің Ерекше тапсырмалар
жөніндегі Елшісі*

ШЫҰ АЯСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ

Қазақстан Республикасының Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы, қалыптасуы және дамуына қосып жатқан қомақты үлесі ШЫҰ аясындағы өзара әрекеттесу еліміздің сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі екендігінің айқын дәлелі.

Бүгінгі күні Шанхай ұйымының құрылғанына он екі жыл толды, бірақ жалпы «шанхай үдерісі» жиырма жылдан астам уақыт бойы дамып келеді деп айтуға толық хақымыз бар. Олай дейтін себебіміз – 1992 жылы Президент Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен Минск қаласында бұрынғы Кеңес одағына кірген мемлекеттер – Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Тәжікстанның Қытаймен шекара мәселелерін реттеу туралы Біріккен комиссиясы құрылған болатын.

Аталған комиссия мүшелері бір тарап болып қытайлық әріптестерімен бірігіп атқарған еңбегінің нәтижесінде 1996 жылы Шанхайда Шекара маңында сенім шараларын нығайту туралы және 1997 жылы Мәскеуде Шекара маңында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдерге бес мемлекеттің басшыларымен қол қою мүмкін болды.

Бұл құжаттардың ерекшелігі – олардың Азия құрлығындағы саяси-әскери саладағы бұрын соңды болмаған теңдесі жоқ сипатында. Келісімдерге қол қою арқылы бұрынғы КСРО мемлекеттері және ҚХР арасындағы шекарада сенім шараларын нығайтып, жүз шақырымдық аймақта қару-жарақ пен әскери техниканы қысқартуға қол жеткізілді. Қауіпсіздік саласындағы бұл уағдаластықтар өңірдегі мемлекеттердің бар назарын өз экономикасын дамыту және халқының әлеуметтік жағдайын көтеру мәселелеріне шоғырландыруға мүмкіншілік берді.

1998 жылы ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев алдында өткен мемлекет басшылары деңгейіндегі екі кездесудің нәтижесін саралай келе, келесі кездесуді Алматы қаласында өткізу туралы бастама жасады. Бұл отырыстың «шанхай бестігінің» құрылымдық негізін қалауға қосқан үлесі ерекше. Өйткені, Алматыда бес мемлекеттің басшылары Орталық Азиядағы және жалпы Азия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ынтымақтастықты нығайту сұрақтарын қарастыру мақсатында тұрақты негізде сарапшылар, сыртқы істер министрлері, үкімет және мемлекет басшылары деңгейіндегі кездесулерді өткізу туралы келісімге келді.

Бұдан кейінгі үш жыл ішінде аталған форматта өткізілген іс-шаралардың ерекше сенім атмосферасына негізделе отырып, 2001 жылы 15 маусымда Шанхай қаласында өткізілген кезекті саммит аясында бұрыннан «шанхай бестігіне» кірген Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанға Өзбекстан қосылып, Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы мәлімдеме қабылданды.

Сөйтіп Елбасының дәйекті саясатының арқасында бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттері және ҚХР арасындағы қатынастар шекара мәселесі бойынша тайталастан жасампаздық жолына түсіп, өзара сенімді арттыруға және Еуразия құрлығында көп салалы ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыруға түрткі болды. Ал «шанхай үрдісі» ХХІ ғасырдың басында ШЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздік, тұрақтылық және халықтардың әл-ауқатын өсіруді мақсат ететін толыққанды халықаралық ұйымға айналды.

Бүгін ШЫҰ сол кезде мемлекет басшылары қабылдаған саяси көреген шешімінің арқасында аймақтағы маңызды геосаяси факторға айналды. Ол жан-жақты халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған, әскери блок немесе альянс болуды көздемейтін ашық бірлестік болып табылады. Қазіргі таңда Ұйым өз жұмысында үш басты бағытта – ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикалық және гуманитарлық әрекеттесуді дамытуды мақсат етеді.

Ұйымның қызметі мемлекет басшылары, үкімет басшылары, сыртқы істер министрлері, ұлттық үйлестірушілері және Аймақтық терроризммен күресу құрылымы кеңестері арқылы

жүргізіледі. Одан басқа Ұйым аясында тұрақты түрде қауіпсіздік кеңестері хатшыларының, бас прокурорлардың, жоғарғы сот төрағаларының, қорғаныс, мәдениет, экономика, білім, ғылым және техника, көлік, төтенше жағдай, ішкі істер, денсаулық, ауыл шаруашылығы, қаржы министрлері мен ұлттық банктері төрағаларының, есірткімен күресу органдары басшыларының отырыстары өткізіледі.

ШЫҰ көп жақты ынтымақтастығын ілгерілету мақсатында Ұйым шеңберінде Іскерлік кеңес, Банкаралық бірлестік, Жастар кеңесі және ШЫҰ Форумы құрылған. Он екі жыл ішінде Шанхай ұйымына мүше мемлекеттері терроризм, сепаратизм және экстремизммен, ұйымдасқан қылмыскерлікпен, есірткінің және қару-жарақтың заңсыз айналымымен күресу, халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдай, кедендік іс, білім, мәдениет, ауыл шаруашылығы және денсаулық салаларын қамтыған қырыққа таяу халықаралық шарттарға қол қойды.

Бүгінгі күні Шанхай ынтымақтастық ұйымы ол жағрапиялық және демографиялық тұрғыдан қарағанда ШЫҰ қасындағы байқаушы және үнқатысу бойынша серіктес-мемлекеттерді қосқанда Еуразия мегақұрлығының үштен екі бөлігін және әлем халқының жартысын қамтыған ірі құрылым болып табылады.

Ұйымның қызметіне деген басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар тарапынан байқалып отырған қызығушылықтың дәлелі ретінде оның қасындағы Моңғолия (2004 жылдан бастап), Иран, Пәкістан және Үндістан (2005 ж.) және Ауғанстанның (2012 ж.) байқаушы болуы, сондай-ақ, Беларусь пен Шри-Ланка (2009 ж. бастап) және Түркияның (2012 ж.) үнқатысу бойынша серіктес мәртебелерін алуын айтып өтуге болады.

ШЫҰ 2004 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы қасындағы байқаушы болып табылады. Сонымен қатар, Шанхай ынтымақтастық ұйымы ТМД, ЭСКАТО, ҰҚШҰ, АСЕАН, ЕурАзЭҚ, ЭЫҰ, БҰҰ Есірткі және қылмыскерлік жөніндегі басқармасы сияқты басқа халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара әрекеттесу туралы құжаттарға қол қойған.

2011 жылы 15 маусымда Астана қаласында ШЫҰ құрылуының он жылдығына арналған мерейтойлық саммит өткені мәлім. Ұйым үшін осындай маңызды іс-шараның біздің елімізде өтуі – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық сахнадағы жоғары беделінің, Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы мен қалыптасуына қосқан ерекше үлесінің, сондай-ақ, Қазақстанның саяси, демократиялық, әлеуметтік-экономикалық, индустриалды және рухани дамуда қол жеткізген қомақты жетістіктерін мойындау болып табылатыны айғақ.

Саммитті өткізердің алдында қазақстан тарабы бір жыл бойы ШЫҰ-ға төрағалық етіп, Ұйым аясында 120 маңызды іс-шараларды өткізіп, бұрын соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізді. Осы мерзім ішінде атқарылған жұмыстың арқасында мемлекет басшыларының отырысына қазақстан тарабының ұйымдастыруы және тікелей басшылық етуінің арқасында терең мазмұнды, салиқалы құжаттардың топтамасы дайындалды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы он жылдығының Астана декларациясында өткен кезеңде атқарылған жұмыс сарапталып, келешекке деген бағыт-бағдар белгіленді. Отырыста ШЫҰ он жыл ішінде халықаралық және аймақтық жағдайдың терең өзгерулеріне қарамастан өзін татукөршілік, достық және серіктестік қатынастарды тереңдетудің маңызды тетігі, сондай-ақ, түрлі өркениеттер арасындағы үнқатысудың үлгісі, халықаралық қатынастарды демократизацияландыруға бағытталған дүние жүзілік талпыныстардың белсенді факторы ретінде көрсете білді деп қорытындыланды.

Елбасы осы отырыста сөйлеген сөзінде Қазақстанның ШЫҰ аясындағы өзара әрекеттесуге мүдделілігін тағы да баса айтып, Ұйымның жұмысын одан ары жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол ШЫҰ жұмысына жан-жақты талдау жасап, жалпы өзінің оң бағасын бере отырып, Ұйымның келешектегі басымдықтарын қазіргі замаңғы түрлі қауіп-қатерлердің алдын алуға бағыттау қажеттілігіне тоқталды.

Ұйымға мүше мемлекеттерінің сарапшылары Қазақстан басшысының Аумақтық және өңірлік дауларды шешу жөніндегі кеңесті, ғаламтордағы қылмыскерліктен күресу жөніндегі «Киберпол» сыңайлы арнайы органды, ШЫҰ Болжамдау орталығын, Көліктік-инфрақұрылымдық интеграция жөніндегі комитетін және Су-энергетика комитетін құру туралы саммитте жасаған тың бастамалары стратегиялық сипатқа ие Ұйымның одан ары нығаюына ерекше маңызы бар көрегендік ұсыныстар деп бағалады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мерейтойлық саммитте «ШЫҰ-ның бірегейлігі мен тартымдылығының себебі өзінің саяси-дипломатиялық істерінің ептілігіне және оларды

өз мақсаттарына икемдеудегі қадамдарына байланысты. ШЫҰ-ға мүше елдердің бәрі де аумақтарының, тарихтары мен мәдениеттерінің әртүрлілігіне қарамастан, тең және бірдей дауысқа ие. ШЫҰ-ның нақ осы қасиеті әлемде қызығушылық тудыруда. Сондықтан да әлем біздің Ұйымымыздан үлкен үміт күтеді», – деген тұжырымы ШЫҰ қызметінің тобықтай түйіні деуге келеді.

2012 жылы 7 маусымда Бейжіңде өткен ШЫҰ-ның көзекті саммитінде қабылданған құжаттарды дайындау барысында Елбасының бастамаларын іске асыру мақсатында Сыртқы істер министрлігімен үлкен жұмыс атқарылды. Отырыстың нәтижесі бойынша бекітілген Орта мерзімді болашаққа бағытталған ШЫҰ даму стратегиясының негізгі бағыттары атты құжатқа бұл сұрақтарды одан ары пысықтауға қажетті негіз қаланды.

Сыртқы істер министрлігінің басты міндеті – екі жақты негізде және Шанхай ынтымақтастық ұйымы іспеттес көпжақты құрылымдар аясында Елбасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстанның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық сахнадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету болғандықтан СІМ ұжымы бұл сұрақтарды өзінің күнделікті жұмысында басшылыққа алып, еліміздің халықаралық істердегі беделін одан ары арттыру және мемлекетіміздің көк байрағын барынша биік ұстау мақсатында аянбай еңбек атқаруда.